

М.А.Абдулханова

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан,
Қазақстан (e-mail: madina.abdulkhanova@ayu.edu.kz)

**Жақын шетелден қоныс аударған қазақтар тіліндегі дауыссыз
дыбыстардың алмасуы**

Андатпа

1991 жылы ел Тәуелсіздігін алған тұста Қазақстанға қоныс аударғандардың бірі - Тәжікстандағы қазақ диаспорасы болды. Қанша уақыт сырт жерде өмір сүрген қазақтардың тілінде ерекшеліктер байқалып тұрады. Халық не ұлт тілінің құрамды бөлігі болып табылатын диалект, әсіресе, дыбыс жүйесіне байланысты біршама байқалады. Өзара алмасып отыратын дыбыстардың жүйесі бар. Тәжікстаннан қоныс аударған қазақтар тіліндегі аталған сөздердің анлауындағы қатаң дыбыстардың алмасуы өзбек тілінің мәліметімен сәйкес келуі, әрі ол сөздердің анлауының басқа қазақ сөйленістерінде ұяң айтылуы анық байқалады. Бұл оңтүстік сөйленісіне де тән қасиет сияқты. Келтірілген мысалдар арқылы фонетикалық өзгешеліктердің өзбек тілінің әсері нәтижесінде пайда болған құбылыс екенін аңғаруға болады. Сондай-ақ мақалада тәжік қазақтары тіліндегі дауыссыз дыбыстардың алмасуы өзбек, қарақалпақ, қырғыз қазақтарының сөйленісімен салыстыра зерттелді.

Кілт сөздер: Дауыссыз дыбыстардың алмасуы, дыбыстық құрам, оңтүстік сөйленіс, тілдік ықпал, бас позиция, ауызекі тіл.

M.A.Abdulhanova

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan
(e-mail: madina.abdulkhanova@ayu.edu.kz)

**The Alternation of Consonants in the Language of the Kazakhs who
Moved from Abroad**

Abstract

In 1991, when Kazakhstan gained independence, one of the settlers in Kazakhstan was the Kazakh diaspora of Tajikistan. In the language of the Kazakhs, who have long been in a foreign land, features are noticeable. Dialect is an integral part of a nation or national language. The dialect, in particular, is noticeable in the sound system. There is a system of alternating sounds. It is clearly expressed that the alternation of deaf consonant sounds in initial part of words in the language of Kazakhs who migrated from Tajikistan, coincides with the Uzbek language. Initial part of these words in other Kazakh words is expressed in a ringing sound. This is a typical feature of the southern dialect. This article discusses the alternation of vowel sounds in the language of the Tajik Kazakhs, and also compares with the conversation of the Kazakhs from Uzbekistan, Karakalpakstan and Kyrgyzstan.

Key words: Alternation of consonants, sound composition, southern speech, language influence, main position, colloquial speech

Қазіргі түркологияның өзекті мәселесінің бірі – тәуелсіздік алған кезеңнің алғашқы жылдарынан бастап атамекенге қоныс аударған этникалық қазақтардың тіліндегі өзіндік ерекшеліктерін фонетикалық деңгейде қарастыру. Зерттеу нысаны - Тәжікстандағы қазақ диаспорасының тілі, ерекшелігі. Ата-бабасының еліне келген оралман қазақтардан жинаған далалық экспедиция материалдарының негізінде алынған нәтижелерге талдау жүргізу алдында репатриант қазақтардың тарихына шолу жүргізгеніміз маңызды болмақ. Қарға тамырлы қазақ қоғамы өзара шартты түрде үш жүзге бөлінген. Қазақ халқы қожа, төре, сунақ, төлеңгіт және т.б. сол сияқты шағын этникалық топтарды құрылымына кіргізгенмен, өзінің этникалық келбетін ХХІ ғасырға дейін бірыңғай күйде сақтап келгені белгілі. Кезінде түрлі экстралингвистикалық себептермен тәжік жеріне қоныс аударғандардың, негізінен, Кіші жүз қазақтары болғандығы белгілі. Дәстүрлік, тілдік, антропологиялық, мәдени өзара алшақтық онша көп байқалмайды. Қытай мен Моңғолиядағы, кейін Үндістан, Ауғанстан, Иран, Түркия, содан кейін Еуропаға ауысқан қазақтар негізінен «Найман», «Керей» руларынан болса, Өзбекстан, Ресей, Түркіменстан, Тәжікстандағы қазақтар Кіші жүздің «Тама», «Табын», «Адай», «Алшын», «Керейт» және т.б. руларының өкілдерін құрайды. Сондықтан қазақ диаспорасының Қазақстан Республикасындағы қандастарымен генетикалық байланыс, ұқсастық өте тереңде жатыр. Тәжікстаннан келген қазақтардың тұрған жері – Колхозабад. Қазақтардың көпшілігі өзбек мектептерінде оқығанмен, мемлекеттік қызметке тұру үшін тәжік тілін білуі керек.

Тәуелсіздік таңы атқанда Тәжік қазақтары атажұртқа орала бастады. Осы бір жерде қиындық болды. Оңтүстік Қазақстанда өмір сүруге бейімделген оралмандарды Солтүстік өңірге механикалық түрде нұсқаумен көшіре салуға болмайды. Ал, теріс жағы көшіп келген қандастарымызға қиындықтар моральдік нұқсан келтіріп, жандарына қаяу түсіруі мүмкін. Міне, осындай құбылыстың көрінісі – Моңғолиядан келген қазақ диаспорасының бір бөлігі қайта Баян-Өлгей жаққа көшіп кеткен. Тәжік қазақтары Оңтүстік өлкеге Қазығұрт ауданына қоныстана бастады. Қандастарымыз жер жағдайын жақсы барлап, таудың қыраттарына қоныстанды. Сол жерде егіншілікпен айналысып, көп істерге мұрындық болып жүр. Айта кетерлігі - салт-дәстүрді қатаң сақтайды. Ауылдың телі мен тентегін ауыл биі жөнге салады. Келелі мәселелерді шешіп отырады [1, 18 б.].

Тіл білімінің диалектілер мен говарларды зерттейтін саласы – диалектология (диалектос – сөйлеу, говор, логос – ілім деген грек сөздерінен құралған) деп аталады. Диалектологияның міндеті – жергілікті тіл ерекшеліктерін тексеру. Қазақ диалектологиясы қазақ тіліндегі говорлар мен диалектілерді зерттейді. Диалект деген термин жалпы халықтық сипат алмаған, өзіне ғана тән тілдік ерекшеліктері бар жекелеген аймаққа, территорияға ғана тән сөйлеу тілінде қолданылатын сөздер. Бұл мағынада диалект халық не ұлт тілінің құрамды бөлігі болып табылады. Говор – жергілікті диалектілердің шағын аймақты қамтитын бөлігі. Мәселен, Қазақстан жағдайында диалект екі-үш облыс көлеміндей жерді қамтыса, говор бір облыс немесе екі-үш аудан көлеміндей жерді ғана қамтуы мүмкін. Оның қанша аймаққа таралуы говорлардың қалыптасу тарихына, ондағы нақты жағдайларға байланысты. Негізгі тілдік белгілері бірыңғай говорлар ғана диалект ұғымын тудырады. Бір диалектінің ішіне оның басқа диалектілерден айырмасын көрсететін негізгі ерекшеліктерін және өздеріне ғана тән неғұрлым ұсақ ерекшеліктерін сақтай отырып, бірнеше говор енуі мүмкін.

Тәжік қазақтарының тіліне келсек, жоғарыда айтып өткендей, Кіші жүз қазақтары, яғни батыс диалектісінің ерекшелігінен көрі Оңтүстік диалектісінің ерекшеліктері басым. Оған себеп, қоныстанып отырған жерде өзбек тілінің әсері молдығынан деуіміздің бірі, осы өңірді ең алғаш зерттеп, экспедицияға барған Тіл білімі институтының қызметкерлері Р. Бисенбаева мен О. Нақысбеков болды [2, 39 б.].

Дауыссыз дыбыстардың алмасуы. Қазақ тілі мен оның говорларына тән өзіндік тума элементтер. Бұл топтың ішінде ескі, көне тайпа тілдерінің қалдығы да, кейінірек, әсіресе Ұлы Қазан төңкерісінен кейін пайда болған диалектілік ерекшеліктер де бар. Мысалы: пал-бал сөздеріндегі п/б алмасуы, барғын, келгін (бар, кел), барғым бар (барғым келеді), барғым жоқ (барғым келмейді) сияқты грамматикалық ерекшеліктер көне заманнан келе жатқан байырғы құбылыстар қатарына жатады [3, 9 б.].

п/б дауыссыздарының алмасуы. Тәжік қазақтары тілінде көбірек көзге түсетін, жиірек қолданылатын дыбыстық ерекшеліктердің бірі – **п-б** дауыссыздарының алмасуына байланысты. Жергілікті тұрғындар тілінен жиналған материалдарға қарағанда, осы өңірді мекендейтін қазақтардың тілінде әдеби тілде және қазақ тілінің басқа сөйленістерінде ұяң **б** айтылатын сөздерде қатаң **п** дауыссыз дыбысы қолданылады. Мысалы: **пайлау** – байлау, **пақыт** – бақыт, **пал**

ашты – бал ашты, *палуан* – балуан, *пата* – бата, *патыр* – батыр, *пәкі* – бәкі, *пәле* – бәле, *песін* – бесін, *полат* – болат, *пұты* – бұты, *питу* – біту, *пипіру* – бітіру.

Енді мына төмендегі мысал ретінде берілген Тәжікстан қазақтарының сөйленісіндегі мақалдарға назар аударыңыз: *Палуан жауға, батыр дауға жарамайды* (мақал). *Питкен іске сынчы көп, піскен асқа жеуші көп* (мақал). *Оттың басы ала болса, пәре сайын пәле болады* (мақал).

Алмасудың осы түріне байланысты жазылып алынған материалдарға қарағанда, бұл өңірде тұратын қазақтардың тілінде сөздің бас позициясында көбіне-көп көпшілік қазақ сөйленістеріндегі ұяң *б* орнына қатаң дауыссыз *п* қолданылатыны көрініп тұр. Сөз басында *п* дауыссызына байланысты қатаң айтылуы – қазақ сөйленістерінде көптен байқалып келе жатқан құбылыс. *П*-ның қазақпен салыстырғанда өзбек тілінде анағұрлым жиі қолданылатын дыбыс екенін көреміз. Олармен салыстырғанда, қазақ тілінде *п* дауыссызының сөз басында жұмсалуды сиректеу. Бұл құбылысты өзге тілдік ықпал нәтижесінде қалыптасқан құбылыс деп айтуымызға дәлел боларлық тағы бір жағдай бар. Ол осы оңтүстіктен жазылып алынған барлық сөздердің басында да қазақ жерінің өзге өңірінде (Қазақстанның батысы, солтүстігі, шығысы) *п*-ның орнына үнемі ұяң *б* дауыссызының айтылуы. Оның үстіне осындағы бас позициясында *п* қолданылатын осындай қатаң дауыссыздан басталатын вариантты жаңағы көршілес тілдерден табуымыз. Біздің дерегіміз Тәжікстандағы өзбек арасындағы қазақтардан жиналғандықтан, біз осы деректердің бір тобын өзбек тілінің, соның ішінде өзбек халық диалектілерінің дерегімен салыстырып көрелік (1-кесте).

Кесте 1 – *п/б* дауыссыздарының алмасуы

Тәжік сөйленісінде	Өзбек тілінде	Қазақ тілінің өзге сөйленістерінде
полат	пулат	болат
пал аш	фол ач	бал аш
пәтия // пата	фотиха	бата
палуан	пахлавон	балуан
пешене	пешана	бешене

Бұл ерекшелік қазақ тілінің Шу (*полат* – болат, *пал* – бал, *пейнет* – бейнет, *пәле* – бәле, *пұл* – бұл) сөйленістерінде [4, 49 б.],

қарақалпақ тұрғындары тілінде (*nətir* – бәтір, *жінек* – жібек, пыршу – быршу, *пақыр* – бақыр т.б.) [2, 39 б.], Тамды сөйленісінде (*нүктеу* – бүктеу, *пұта* – бұта, *жайпарақат* – жайбарақат) [5, 6 б.] т.б. кейбір сөздерде кездесіп қалады.

Қағаз бетіне түсірілген, жиналған материалдарға сүйенсек, бұл секілді фонетикалық құбылыстың жиірек байқалатын жері – қазақ халқы тарап мекендеген өңірдің оңтүстігі. Кейбір зерттеушілердің пікіріне қарағанда, сөздің басында дауыссыз *n*-ның қолданылуы көршілес халықтардың тілдік ықпалына байланысты. Бұлай дейтіні түркі тектес тілдердің жалпы дыбыстық жүйесі тұрғысынан алып қарайтын болсақ, қазақ тілі сөз басында ұяң *б* дыбысы молырақ қолданылатын тілдер қатарында екені белгілі. Ал оңтүстік өлкеде тұратын қазақтардың ежелден бірге өсіп, біте қайнасқан көршілері туысқан өзбек, қарақалпақ, түрікмен халықтарының тілін алатын болсақ, олардың тілінде сөз басындағы қатаң *n* дыбысының қолданылуы қазақ тіліне қарағанда анағұрлым басым.

Жоғарыда келтірілген салыстырма мысалдардан аңғаратынымыз – Тәжікстан жерінде тұратын қазақтардың тіліндегі аталған сөздердің анлаутындағы (сөз басындағы) қатаңдықтың өзбек тілінің мәліметімен сәйкес келуі, әрі ол сөздердің анлаутының басқа қазақ сөйленістерінде ұяң айтылуы. Демек, бұл оңтүстік сөйленісіне де тән қасиет сияқты. Жоғарыда көрсетілген деректер бойынша батыс, солтүстік-шығыс өлке тұрғындарының бұл сөздердің құрамында *б* қолданылатыны бұрыннан айтылып келе жатыр. Оңтүстік-шығыста *Палуан шолақ* десе, солтүстік батыста *Балуан шолақ* дейді. Мысалы: *Біржан Сал, Ақан, Әсет, Палуан Шолақ, Солардың жолын құдың әнін салып* (Шашубай ақын). *Бір сөзге тиянақты болмай – палуан, имендің бе ізденген өнерпаздан* (К. Әзірбаев). *Жауырыны қақпақтай, балуан жігіт Бұланбай* (Ғ. Мүсірепов). *Пейілі жаман адамның іздегені дау болар* (Қарақалпақ қазақтары).

Жоғарыда аталған фонетикалық өзгешеліктердің өзбек тілінің әсері нәтижесінде пайда болған құбылыс екенін аңғаруға осы мысалдар жеткілікті сияқты. Түркі тектес тілдердің жалпы фонетикалық жүйесінде сөз басындағы *n, б* дауыссыздарының бірінің орнына бірі қолданылатын дыбыстар екені бұрыннан мәлім. Сөз басында қатаң *n*-ны қолдану түркі тілдері ішінде көбінесе чуваш, хакас, алтай, шор, тува тілдеріне тән. Ал қазақ, қырғыз тілдері болса, бұлар сөз басында ұяң *б* дыбысын қолданатын тілдер қатарында. Осы дыбыстық құбылысты аралас қолданатын түркі тілдері де бар. Соның

бірі – өзбек, қарақалпақ, түрікмен тілдері. Бұл құбылысты сөздің басында біз зерттеген өлке қазағының тілінен кездестіруімізді өзбек тілінің ықпалы деп топшылауымызда осындай мән бар.

с/ш дауыссыздарының алмасуы. Зерттеліп отырған өңірге кең тараған фонетикалық құбылыстардың бірі деп *с* мен *ш* дыбыстарының алмасуын айтуға болады. Түркі тілдерінің дыбыс құрылысында кең тараған фонетикалық белгілердің біреуі осы құбылысқа байланысты. Осы дыбыстардың алмасуына қарай барша түркі тілдерін екі фонетикалық жүйеге ажыратуға болады. Олардың біреуін *с* дыбысын қолданатын тілдер, екіншісін *ш* дыбыстарын қолданатын деп те атайды. Орта Азиялық лингвистикалық региондағы тілдерді алатын болсақ, қазақ тілі мен қарақалпақ тілінен басқа тілдердің бәрі де *ш*-ны көбірек қолданатын тілдер қатарына жатады. Мәселен, қырғыз, өзбек, түрікмен тілдері. Қазақ тіліндегі *бас, тас* тәрізді формада айтылатынын білеміз. Ал қарақалпақ тілі болса, бұл сөздердің қазақтағыдай *бас, тас* болып *с*-мен айтылатыны және белгілі. Демек, Тәжікстанның ішкі қоныстарындағы қазақ сөйленісінде *с* орнына *ш*-ның қолданылуы өзбек тілінің әсерімен байланысты туған құбылыс деп тануға болады. Оның бір жағында біздің қолымыздағы дыбыс алмасуының осы түріне байланысты деректердің бәрі өзбек тілінің материалымен үйлесіп жатады: *апақ-шапақ* – апақ-сапақ. Мысалы, *Мен апақ-шапақта пададан келдім. Ашпаз* – аспаз. Өзбекше – *ошпаз*. *Ашхана* – асхана. Мысалы, *Біз бәріміз ошхонаға келдік. Аш* – ас. *Ашны тегешке сал. Беш* – бес. Мысалы, *Беш-алты чібішім бар. Бош* – бос. Мысалы, *Бош жерді айдауға әкімшіліктен рұқсат сұрау керек. Қышлақ* – қыстақ, қыстау. Мысалы, *Жаңбырдан соң қышлағымызда кәуек көп болады. Ошы* – осы. Мысалы, *Ошы күні қышлағымыздағы хұрметлі харияларға ярдамдашуымыз керек. Шерік* – серік. Өзбекше – *шерик*. *Шамал* – самал, жел. Мысалы, *Кешке қарай шамал соқты. Шорпа* – сорпа. Мысалы, *Еттен соң шорпа іштік*. Өзбекше – *шурба*. *Иш* – іс, жұмыс. Мысалы, *Ишіме түстен кейін бардым. Бу ішің түзік екен*. Өзбекше – *иш*. *Піш* – піс. Өзбекше – *пишир*. *Тышқары* – тысқары, өзбекше – *ташқари*.

С мен *ш* дыбысының алмасуы басқа да түркі тілдерінде бар құбылыс. Мысалы, Қарақалпақстандағы қазақ тілінің сөйленісінде Н. Жүнісов мынандай сөздердің алмасуына мысалдар келтіреді. *Кәуіш* – кебіс, *мәші* – мәсі, *мошы* – мосы, *мәштен* – мәстен, *бишембі* – бейсембі, *тұрмыш* – тұрмыс, *мошқал* – мысқал т.б.

Бұл дыбыстардың алмасуы жөнінде деректер қазақ ғылымдарының назарынан тыс қалған емес. Профессор С. Аманжолов қазақ тілінің оңтүстік диалектісінде *с* орнына *ш*-ның басымырақ қолданылуын Жетісу өлкесін ерте кезден мекендеген Үйсін, Жалайыр, Дулат тайпаларының тарихымен байланыстырады [6, 237-238 б.]. Ж. Досқараевтың пікірінше, бұл өзгешелік басқа көрші тілдердің әсерімен батыс облыстарына ауысқан [7, 23 б.], Ә. Құрышжанов та бұл құбылысты көрші тілдердің әсерінен болған деп түсіндіреді [8, 161 б.].

с–ш дыбыстары дауыссыздардың бірінің орнына бірі қолданылатын басқа да түркі тілдерінде ұшырайтын тілдік құбылыстардың бірінен саналады. Мысалы, бұл дыбыстардың алмасуы қайсыбір сөйленістерде де кездесіп отырғанымен ондағы қамтитын сөздері өзгеше болып келеді.

Ташкент сөйленісінде айтылатын айтылатын, ерекшеленіп *с* орнына *ш* қолданылатын сөздер болғанымен, бұл өңірде басқа сөйленістерде айтыла бермейтін сөздер ұшырайды. Ташкент сөйленісі бойынша керекті мына сөздер: *машқара* (масқара), *мышық* (мысық), *ешек* (есек), *кәртәміш* (қартамыс), *қоштау* (қостау), *текшеру* (тексеру), *ұқшау* (ұқсау), *шүйінші* (сүйінші), *шорпа* (сорпа), *шамал* (самал), *пешоқа* (бесақа), *пейшенбі* (бейсенбі) *ш* дауыссызы арқылы айтылады [4, 29 б.].

к/г дауыссыздарының алмасуы Тәжікстандағы қазақтар тілінде көзге түсер дыбыстық ерекшеліктердің бірі ретінде саналады. Қазақ тіл мамандарының айтуынша, *г*-ден басталатын қазақ сөздері некен-саяқ болғандықтан, олардың көпшілігін басқа тілдерден енген деп есептейді [9, 256 б.]. Осы типтес өзге тілдерден ауысқан сөздер қазақ тілінің жергілікті сөйленістерінде де ұшырайды. Демек, бұл құбылыс Тәжікстан қазақтары тіліне де тән деп тануымыз керек. Мысалы: *гөң* – көң (өзбекше – *гунг*). *Гөңді* *галбырдан өткізіп алу керек*. *Гүріш* – күріш (өзбекше – *гурунч*). *Гурунч аттың тісіндей ірі екен*. *Гүман* – күмән (өзбекше – *гумон*). *Менің ертең келу-келмеуім гүмән деді ол*. *Гілем* – кілем (өзбекше – *гилам*). *Герең* – керен (өзбекше – *гараң*). *Гереңнің қолына түспе*. *Гуә* – куәлік (өзбекше – *гувох, гувохлик, гувохнома*). *Сот гүаларын шақырып сұрай бастады*. *Гүна // гүнәкәр* – күнә // күнәкәр (өзбекше – *гунохқор*). *Гүнәмді жуамын деп отымен кіріп күлімен шығамын*.

Түрколог А.М. Щербактың зерттеулеріне қарағанда көне түркі тілінде ұяң *д, г, з* дыбыстарының сөз басында қолданылмайтын

көрінеді. Демек, сөз басындағы *г* дыбысынан басталатын сөздердің дені басқа араб-парсы тілдерінен енген сөздерде айтылады.

қ/г дауыссыздарының алмасуы. Қазақ тілі фонетикасының жоғарыда айтылған заңдылығына байланысты өзге тілдерден ауысқан сөздердің анлауындағы *г* дыбысы да қазақ әдеби тілінің орфографиялық нормасы бойынша *қ* дыбысымен алмасады (салыстырыңыз: *гам* – қам, *ғайрат* – қайрат). Зерттеліп отырған сөйленісте өзбек тілінің әсерінен түпнұсқадағы анлаут *г*-ның өзі айтыла береді. Осы себептерге байланысты араб-иран тілдерінен ауысқан сөздердің басында әдеби тілден кейін пайда болған *қ* сөйленістегі *г* дыбысымен алмасады. Мысалы: *ғайрат* – қайрат (өзбекше – *ғайрат*). Әлі *ғайраты* қашқан жоқ. *Ғапыл* – қапыл. *Ғапыл қалма*. *Ғам* – қам (өзбекше – *гам*, *гамхур*, тәжікше – *гамхур*). *Ғам жеме*, *жарты нанды кем жеме*. *Ғұмай* – кұмай. *Көпжылдық арамшөптер* – *ғұмай*. *Ғалбыр* – қалбыр (өзбекше – *галбыр*). *Тышқан сыймас ініне*, *галбыр байлар дүміне*. *Ғаз* – қаз (өзбекше – *гоз*). *Құс фермасында газдар да бар*. *Ғайрат* – қайрат (өзбекше – *ғайрат*). *Қарын ашты*, *ғайрат қашты*. *Ғоза* – қоза. *Мақта жиналған соң гоза-паяларды жылдам орып алу керек*.

г, г, к, қ дыбыстарының бір-бірімен алмасып келуі қазақ тілінің басқа сөйленістері үшін жат құбылыс емес. Қазақ тілінің Шу сөйленісінде *г/к* дыбыс сәйкестігі мынандай сөздердің құрамында ұшырасады: *күл* – гүл, *үкіттеу* – үгіттеу, *ілкері* – ілгері, *ақылкөп* – ақылгөп.

г/қ, г/к дыбыстарының алмасуын Ж.Досқараевтың көрсетуі бойынша, Ақтөбе облысының Байғанин ауданы тұрғындарының тілінде, Ж.Болатовтың мәлімдеуінше, Семей облысының Көкпекті, Ақсуат аудандарындағы қазақтар тілінде кездесіп отырса, Батыс Қазақстан қазақтарының ауызекі тілінде бірлі-жарым сөздерде ұшырайтынын көруге болады. *К/г, к/г* дауыссыздарының алмасуы қазақ тілінің басқа да сөйленістерінде – қарақалпақстан, тәжікстан [10, 36 б.], ауған-иран қазақтары тілінде де қолданылады [11].

т/д дауыссыздарының алмасуы. Халықтың сөйлеу тіліндегі дыбыс алмасуындағы қазақ сөзінің басына тән фонетикалық ерекшеліктердің бірі – *т/д* дауыссыздарының жұмсалуына байланысты. Дауыссыз жұптың бұл түрінің екеуі де сөз басында қолданылғанымен, олардың әрқайсының сөздің осы шебіне деген талғамы бірдей емес. Мұның қатаң сыңарымен салыстырғанда ұяң сыңарының қолданылуы әлдеқайда сирек. Тілші мамандардың он

томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» және «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігіне» енген осы екі дыбыстан басталатын сөздердің санын есептегенде **д**-дан басталатын сөздерге қарағанда **т**-дан басталатын сөздердің сан жағынан үш есе мол екенін анықтаған.

Орта Азияның ішкі қонысындағы қазақтар тілінде кей сөздердің басындағы **д** өзге өңірдегі қазақтардың тілінде **т** орнына қолданылған. Сондай-ақ Қарақалпақстанның оңтүстік аудандары мен Өзбекстанның Хорезм, Бұхара облыстары мен Түркіменстанның Ташауыз облысындағы тұрғындар тілінде сөз басында **д** дыбысы мол қолданылатын болған. Осындай сөз басындағы **т, д** дауыссыздарының бір жерде ұяң, ал басқа жерде қатаң дыбыспен айтылуы тарихи жағдайларға байланысты қалыптасқан деп түсіндіреді.

Ғалым Ж. Досқараев қазақ сахарасында ертеректе IX-XI ғғ. өмір кешкен оғыз тайпаларының арасындағы тілдік қарым-қатынас нәтижесінен болған деп есептейді [12, 11 б.]. Сыр бойы, Каспий, Арал маңы, Жетісу алқабының көп жерлерінде түрікмен рулары аттарының сақталуы және басқы дыбысы **д**-мен басталатын Деңіз, Қара Дермен, Сары Дермен т.б. жер атауының байқалуы оғыз халқымен қазақтар арасындағы байланыстың дәлелі [13, 86 б.].

Зерттеліп отырған өңірдегі тұрғындар тілінде ұяң **д** дыбысының орнына қатаң **т** дыбысы қолданылады. Мысалы: *тайын* – дайын (өзбекше – *тайин*). *Ол сабаққа тайын еді. Таяр* – даяр (өзбекше – *тайер*, қарақалпақша – *таяр*). *Мақта мамандарын таярлады. Пішен шабуға барлық жабдықтар таярланды. Тоға* – доға. *Тартпасының тоғасы* күмістен жасалған. *Әтейі* – әдейі (өзбекше *атайин* – *әтейин*). *Саған әтейі* келдім.

Ал мына сөздерде керісінше **т** дыбысы **д**-мен алмасады. *Деңіз* – теңіз (өзбекше – *денгиз*). *Деңізде жүзген кемедей мақта теретін машиналар. Диірмен* – диірмен (өзбекше – *тегирмен*). *Диірменнің астыңғы тасы ауыр* болады.

Жергілікті халық тіліне әдеби тілдің әсері неғұрлым күшті болса, соғұрлым ондағы диалектілік ерекшеліктер тез жойылатыны белгілі. Халық ағарту ісінің дамуы, түрліше мәдени орындардың көбеюі, баспасөздің, радионың кең тарауы жергілікті диалектілерге әдеби тілдің әсерін күшейте түсті. Бұрын жергілікті диалектіде сөйлеген адамдардың әдеби тілді бірден меңгеріп кетуі, әрине, оңай емес, бұл – ұзақ уақытты керек ететін процесс, дегенмен қазіргі кезде оның қарқыны күн санап үдей түсуде. Осы күні тек таза диалектімен сөйлейтін ауданды, ауылды табу қиын. Қазіргі ауылда әрі әдеби тілдің,

әрі жергілікті диалектінің нормасын қатар қолданушылық жиі кездеседі. Мәселен, қарттар жағының тілінде жергілікті ерекшеліктер басым болса, жастардың, тіпті орта буынның тілінде әдеби тілдің нормасы басым [3, 13 б.]. Кейде бір адамның әрі жергілікті тілдің, әрі әдеби тілдің элементтерін қатарластырып пайдаланатынын байқауға болады. Тілдегі диалектілік ерекшеліктердің қазіргі кезде осылайша бірте-бірте жойыла бастауы, өзгеріске ұшырауы – қазақтың ұлт тілінің жалпы даму процесімен тікелей байланысты, одан бөліп қарауға болмайтын құбылыс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байманов К. Тәжікстандық босқын қазақтар. – Сарыағаш, 1997. -156 б.
2. Сағындықова Ф., Бисембаева Ж. Тәжікстан қазақтарының тіліндегі кейбір лексикалық ерекшеліктер // Қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктер. Мақалалар жинағы. – Алматы, 1990.
3. Ниязғалиева А.Ә., Тұрғаналиева Г.Г. Қазақ диалектологиясы: оқу-әдістемелік құрал. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ, 2013. -232 б.
4. Нақысбеков О. Қазақ тілінің ауыспалы говоры (Шу бойындағы қазақтар тілінен жиналған материалдар бойынша). Жауап. ред.: Ш.Сарыбаев. Алматы, 1972. 176 б.
5. Айдаров Т. Языковые особенности казахов Тамдинского района Узбекской ССР. – Ташкент-Алма-Ата, 1967.
6. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка / Спец. редакторы: Х.Х. Махмудов, Г.Г. Мусабаев. – Часть I. – Алма-Ата, 1959. 452 с.
7. Досқараев Ж., Мұсабаев Ғ. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. – Алматы, 1951.
8. Құрышжанов Ә. Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. – 5-шығы. 1963.
9. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1965.
10. Досқараев Ж., Мұсабаев Ғ. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. – Алматы, 1951.
11. Өтебеков Б. Қазақ диаспорасының тілі. – Алматы: Білім, 2000. –181 б.
12. Досқараев Ж. Байғанин ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер//Қазақ тілінің диалектологиялық мәселелері. 2-шығы. –Алматы, 1960.
13. Омарбеков С., Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. Алматы, 1985.

REFERENCES

1. Baımanov K. Tájikstandıyq bosqyn qazaqtar. – Saryagash, 1997.-156 bet
2. Saǵyndıqova F., Bısembaeva J. Tájikstan qazaqtarynyń tilindegi keibir leksikalıyq erekshelikter//Qazaq tilindegi aimaqtyq erekshelikter. Maqalalar jınaǵy. –Almaty, 1990.
3. Nuazǵalievá A.Á., Turǵanalievá G.G.Qazaq dialektologıasy: oqy-ádistemelik qural. – Oral: M.Ótemisov atyndaǵy BQMÚ , 2013. -232 bet.
4. Naqysbekov O. Qazaq tiliniń aǵyospaly govory (Shý boyndaǵy qazaqtar tilinen jinalǵan materialdar boıynsha). Jaǵapty redaktor Sh.Sarybaev. Almaty, 1972. 176 bet.
5. Aıdarov T. Iazykovye osobennosti kazahov Tamdinskogo raiona Ýzbekskoi SSR. – Tashkent-Alma-Ata, 1967.

6. Amanjолоv S. Voprosy dialektologii i istorii kazahskogo iazyka / Spets. redaktory: H.H. Mahmýdov, G.G. Mýsabaev. – Chast pervaya. – Alma-ata, 1959. 452 s.
7. Dosqaraev J., Musabaev Ğ. Qazaq tiliniń jergilikti erekshelikteri. – Almaty, 1951
8. Quryshjanov Á. Qaraqalpaq ASSR-ynda turatyn qazaqtardyń tilindegi kebir erekshelikter // Qazaq tili tarihy men dialektologiasynyń máseleleri. –5-shyǵy. – 1963.
9. Keńesbaev I., Musabaev Ğ. Qazirgi qazaq tili. Almaty, 1965.
10. Dosqaraev J., Musabaev Ğ. Qazaq tiliniń jergilikti erekshelikteri. – Almaty, 1951.
11. Ótebekov B. Qazaq diasporasynyń tili. – Almaty: Bilim, 2000. – 181 b.
12. Dosqaraev J. Baǵanın aýdanynda turatyn qazaqtardyń tilindegi fonetikalıq erekshelikter // Qazaq tiliniń dialektologıalyq máseleleri. 2-shyǵy. – Almaty, 1960.
13. Omarbekov S., Júnisov N. Aýyzeki tilimizdiń dybys júesi. Almaty, 1985.

Özet

1991'de Kazakistan baǵımsızlıǵını aldıǵında Kazakistan'a taşınanlardan biri Tacikistan'ın Kazak diasporasıydı. Uzun süre yabancı bir úlkede yaşıyan Kazakların dilinde bazı ózellikler dikkat çekmektedir. Milletın veya ulusal dilin ayrılmaz bir parçası olan diyalekte ait deǵışikliklerin ózellikle ses sisteminde görúldüǵü fark edilmektedir. Kendi içinde deǵışikliǵe uğrayan alternatif sesler sistemi vardır. Tacikistan'dan göç eden Kazakların dilindeki söz başı sert ünsüzlerin deǵışmesinin Özbek Türkçesinde görúlmesi ve bu kelimelerin söz başı ünsüzlerinin başka Kazak diyalektlerinde yumuşak ünsüzlerle söylenişi açıkça görúlmektedir. Bu güney aǵızının tipik bir ózelliǵidir. Bu makalede, Tacik Kazaklarının dilindeki kelime başı ünsüzlerinin deǵışimi tartıılmakta ve ayrıca Özbekistan, Karakalpakistan ve Kırgızistanlı Kazakların diyalektleriyle karşılaştırılmaktadır.

Anahtar kelimeler: Ünsüzlerin deǵışmesi, ses bileşimi, güney lehçesi, dil etkisi, ana pozisyon, konuşma dili

(Abdulhanova M.A., Yurtdışından Göçen Kazakların Dilindeki Ünsüzlerin Deǵışmesi)

Аннотация

В 1991 году, когда Казахстан получил свою независимость, одним из первых переселенцев в Казахстан была казахская диаспора Таджикистана. В языке казахов, живших долгое время в среде других народов, заметны свои отличительные особенности. Дialect является неотъемлемой частью национального языка. Дialect особенно заметен в звуковой системе языка. Анализируя язык казахов, переселившихся из Таджикистана, можно выявить, что чередование глухих согласных звуков в анлауте слов совпадает с узбекским языком. Анлаут данных слов в других казахских словах выражен в звонком звучании. Это типичная черта южного говора. В данной статье рассматривается чередование согласных звуков в языке казахов, переселившихся из Таджикистана, а также проводится их сравнительная характеристика с говором казахов из Узбекистана, Каракалпакстана и Кыргызстана.

Ключевые слова: Чередование согласных звуков, звуковая композиция, южный говор, влияние языка, главная позиция, разговорный речь.

(Абдулханова М.А. Чередование согласных звуков в языке казахов, которые переселились из-за границы)